

## Қазақстан Республикасының тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 желтоқсан 1994 ж. N 1399. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Реформаны тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл Бағдарламасына сәйкес, тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, бәсекені дамыту және жекешелендіру процесін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақгаз" және "Алаугаз" мемлекеттік холдинг компанияларының құрамына енетін кәсіпорындардың тізбесі бойынша өзгерістер жүргізсін, соның і ш і н д е :

"Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясына "Жетісугаз" мемлекеттік к ә с і п о р ы н ы н б е р с і н ;

"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясына Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қостанай облыстарын табиғи және сұйық газбен қамтамасыз ету жөніндегі кәсіпорындарды қосымша берсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік к о м и т е т і :

жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізетін және қызмет көрсететін монополист емес газ шаруашылығы кәсіпорындарын кейіннен оларды жекешелендіре отырып, акционер етуді жүргізсін;

айрықша маңызды халық шаруашылық мәні бар газ саласындағы кәсіпорындарда чектік аукциондарда акция сату тоқтатылсын;

осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде газ саласындағы кәсіпорындарды жеке жоба бойынша жекешелендірудің бағдарламасын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен келіссін.

3. Бәсеке түзу мақсатында кез келген шаруашылық жүргізуші субъектіге меншік нысанына қарамастан, табиғи газды дербес алуға және оны магистральды газ құбырлары мен жергілікті газ бөлу жүйелерін олардың қуаты шегінде пайдалана отырып, сатуға шарт жасасу құқы берілсін.

4. Магистральды газ құбырларымен және жергілікті газ бөлу жүйелерімен табиғи газ тасымалдаудың тарифін және халыққа арналған табиғи газдың

бағасын "Қазақгаз" және "Алаугаз" мемлекеттік холдинг компанияларының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, он күн мерзімде табиғи газдың бағасы мен тарифін қалыптастырудың тетігін әзірлейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп, 1995-1996 жылдар ішінде тұтынушыларға арналған табиғи газға бағаны саралаудан халықтың әлеуметтік жағынан қорғалымсыз бөлігіне нысаналы өтеуге кезең-кезеңімен көшуді жүзеге асырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп, тұтынылған газдың көлеміне тең келетін бағам айырбасына байланысты берешекті бөлуді назарда ұстап, дер кезінде жүргізілмеген төлемдер үшін бағам айырмасын есепке ала отырып, табиғи газ тұтынушыларынан қаржылар қайтару тетігі жөнінде бір ай мерзімде ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп газ есептегішті қолдана отырып, халыққа газ беруге кезең-кезеңімен көшу жөнінде шаралар әзірлейтін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бір ай мерзімде аталған қаулымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, "Қазақгаз" және "Алаугаз" мемлекеттік холдинг компанияларының жарғылық қорларын қалыптастырсын.

9. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі министрліктің қолда бар құрылымында республиканы газбен қамтамасыз етуді үйлестіру мен перспективада дамыту жөнінде қызмет қарастырсын.

10. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Энергия көздеріне бағаны ырықтандыру және жекелеген қызмет түрлеріне тарифті реттеу туралы" 1994 жылғы 23 наурыздағы N 288 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 15, 145-бап) 6-тармағы және 7-тармағының екінші абзацы күшін жоғалтты деп танылсын.

11. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне осы қаулыға сәйкес Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізетін болсын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің*

*бірінші орынбасары*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК